

<b>OÝTÜSTIK QAZAQSTAN</b> <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN</b> <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы	044-81/11
«Жалпы патология» пәндері бойынша силлабус	18 беттің 1 беті

**Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі  
«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жанындағы  
медицина колледжи**

## **СИЛЛАБУС**

**Пән атауы:** ЖКП 07 ОПД 07 «Жалпы патология»

**Мамандығы:** 09130100-«Мейіргер ісі»

**Біліктілігі:** 4S09130103 - «Жалпы практикадағы мейіргер»

**Курс:** 1,2 курс

**Семестр:** II, IV семестр

**Қорытынды бақылау түрі:** емтихан

**Барлық сағаттардың/кредиттердің жалпы жүктемесі KZ-** 72 сағат/3 кредит

**Аудиториялық – 20**

**Симуляциялық – 52**

**Шымкент, 2023**

<b>OÝTÜSTIK QAZAQSTAN</b> <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN</b> <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы	044-81/11
«Жалпы патология» пәндері бойынша силлабус	18 беттің 2 беті

«Жалпы патология» пәні бойынша силлабусты әзірлеген:  
 «Морфологиялық пәндер» кафедрасының жалпы патология оқытушысы: Ілесова Ж.Т.

Мамандығы: 09130100-«Мейіргер ісі», 4S09130103 - «Жалпы практикадағы мейіргер» мамандығы бойынша оку жұмыс жоспарының негізінде әзірленген.

«Морфологиялық пәндер» кафедрасының мәжілісінде қаралды және ұсынылды  
 Хаттама № 1 «1 » 09 2023 ж.

Кафедра менгерушісі: Ералхан А.Қ.

ПЦК мәжілісінде қаралды

Хаттама № 1 «04 » 09 2023 ж.

ПЦК төрайымы: Темир И.О.

«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ жаңындағы  
 медицина колледжінің Әдістемелік Кеңесінде қаралды және бекітілді

Хаттама № 2 «5 » 09 2023 ж.

Төрайымы: Мамбеталиева Г.О.

## 1. Оқытушылар туралы мәліметтер:

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы	044-81/11
«Жалпы патология» пәндері бойынша силлабус	18 беттің 3 беті

<b>№</b>	<b>Аты-жөні</b>	<b>Дәрежесі және лауазымы</b>	<b>Электрондық мекен-жайы</b>	<b>Оқытын курсы</b>
1	Ералхан Ақмарал Қайратқызы	Кафедра менгерушісі	<a href="mailto:akmaral_eralxan@mail.ru">akmaral_eralxan@mail.ru</a>	Жалпы патология пәнінен қазақ және орыс тілінде теориялық және симуляциялық сабактар жүргізеді.
2	Мамышева Динара Тазабековна	Магистр, оқытушы	<a href="mailto:dintazabekovna@mail.ru">dintazabekovna@mail.ru</a>	Жалпы патология пәнінен қазақ және орыс тілінде теориялық және симуляциялық сабактар жүргізеді.
3	Буркитбаева Балзира Бауыржанқызы	Магистр, оқытушы	<a href="mailto:balzira_angel@mail.ru">balzira_angel@mail.ru</a>	Жалпы патология пәнінен қазақ және орыс тілінде теориялық және симуляциялық сабактар жүргізеді.
4	Тұрсынбек Дархан Абдымаликұлы	Оқытушы	<a href="mailto:darhan3752@icloud.com">darhan3752@icloud.com</a>	Жалпы патология пәнінен қазақ тілінде теориялық және симуляциялық сабактар жүргізеді.
5	Туребаева Гульнаز Асылханқызы	Оқытушы	<a href="mailto:turebaeva-2018@mail.ru">turebaeva-2018@mail.ru</a>	Жалпы патология пәнінен қазақ және орыс тілінде теориялық және симуляциялық сабактар жүргізеді.
6	Қожабекова Алма Серікқызы	Оқытушы	<a href="mailto:kozhabekova.alma@bk.ru">kozhabekova.alma@bk.ru</a>	Жалпы патология пәнінен қазақ және орыс тілінде теориялық және симуляциялық сабактар жүргізеді.
7	Ілесова Жазира Тәжібайқызы	Оқытушы	<a href="mailto:zhazira.ilesova@bk.ru">zhazira.ilesova@bk.ru</a>	Жалпы патология пәнінен қазақ және орыс тілінде теориялық және симуляциялық сабактар жүргізеді.
8	Махамбет Диана Бекжаппарқызы	Оқытушы	<a href="mailto:diana.makhambet@mail.ru">diana.makhambet@mail.ru</a>	Жалпы патология пәнінен қазақ және орыс тілінде теориялық және симуляциялық сабактар жүргізеді.
9	Каримжанова Динара Бахтиярқызы	Оқытушы	<a href="mailto:din.karimzhanova98@list.ru">din.karimzhanova98@list.ru</a>	Жалпы патология пәнінен қазақ және орыс тілінде теориялық және симуляциялық сабактар жүргізеді.
10	Тургумбаева Айдана Альхамовна	Оқытушы	<a href="mailto:aya_555@mail.ru">aya_555@mail.ru</a>	Жалпы патология пәнінен қазақ және орыс тілінде теориялық және симуляциялық сабактар жүргізеді.

## 2. Байланыс ақпараты

«Морфологиялық пәндер» кафедрасының мекен жайы: Шымкент қаласы, Аль-Фараби алаңы 3, оку ғимараты №2, 5 қабат; аудитория №513.

Кафедра e-mail-ы: [morfologiyalykpander@mail.ru](mailto:morfologiyalykpander@mail.ru)

Электрондық мекен-жайы: <https://skma.edu.kz>

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы	044-81/11
«Жалпы патология» пәндері бойынша силлабус	18 беттің 4 беті

### 3.1. Кіріспе

Жалпы патология – сыртқы ортаның организмге тигізететін әсерінен болатын бұзылыстырыдың нәтижесінен туындаудың ауруларды зерттейтін медицина-биологиялық пән.

Пәннің басты мақсаты жалпы патологиялық процестер, аурулардың патогенездік мәні, сауығу механизімі туралы білім беру, патологиялық процестердің даму мен негізгі механизімінің жалпы заңдылықтарын құру. Ауру дамуының кезендерінде құрылымдық-функционалдық бұзылыстардың туындаудың интеграциялық бағалау жолымен бұл міндettі шешуге болады. Студенттер жалпы патология пәнін менгеру барысында нақты мәліметтерді қолдана отырып оларға талдау жасайды, организмнің құрылымдық-функциялық тұтастығында әртүрлі деңгейде пайда болатын бұзылыстардың арасындағы себеп-салдарларды анықтайды, талдау-синтездеу әдістерімен ойлау қабілеттерін арттырады.

### 3.2. Пәннің саясаты:

<b>№</b>	<b>Білім алушыларға қойылатын талаптар:</b>	<b>Талаптарды орындаған жағдайда айыппул санкциялары:</b>
1.	Сабақтардан себепсіз қалуға жол берілмейді.	Аудиториялық және симуляциялық сабакты себепсіз өткізіп алған кезде бж қойылады. Аудиториялық сабакты себепсіз жіберілген әрбір сабак үшін білім алушының аралық бақылаудан 1 балы төмendetіледі.
2	Дәлелді себеппен өткізілген сабақтарды уақтылы өтеу.	Өткізіп алған сабакты дәлелді себеппен өтеу деканаттың рұқсатымен ғана жүргізіледі(өтеу қағаз).
3	Аудиториялық және симуляциялық сабақтарға уақтылы қатысу.	Білім алушы 5 минуттан артық кешіккенде аудиториялық немесе симуляциялық журналға бж қойылады.
4	Сабақтарға тек ақ халат және ақ қалпақпен қатысуға міндettі.	Білім алушының сыртқы көрінісі талапқа сәйкес келмеген жағдайда сабакқа жіберілмейді, және журналға бж қойылады.
5	Білім алушы оқытушыларға және курсастарына құрметпен қарауы керек.	Білім алушы құрмет көрсетпеген жағдайда, кафедра жиналысында талқыланып, бұл туралы деканат пен ата-аналарына хабар беріледі.
6	Симуляциялық сабақтардың барлық тапсырмаларының орындалуы және рәсімделуі тиісінше талаптарына сай болуы керек.	Егер білім алушы 50% күнделікті рейтингіден (яғни 30 балл) жинамаса, ол емтиханға жіберілмейді. Бір аралық бақылаудан қанағаттанарлықсyz баға алған үшін (АБ1, АБ2) пән бойынша емтиханға жіберілмейді.

**3.3. Пәннің мақсаты:** қоғамдық деңсаулық сақтау саласындағы ғылыми-негізделген шешімдерді қабылдау үшін қажетті жалпы патологиялық үдерістер туралы болашақ мамандарға дәрігерлік ойлау қабілеттің қалыптастыру.

### 3.4. Пәннің міндettтері:

- Патологиялық үдерістер мен аурулардың пайда болуы себептері мен даму механизімдері, олардың морфологиялық және функциялық көріністері, нәтижелері мен асқынулары туралы білім беру;

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN</b> <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SKMA</b> <b>—1979—</b> <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>	<b>SOUTH KAZAKHSTAN</b> <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы	044-81/11	
«Жалпы патология» пәндері бойынша силлабус		18 беттің 5 беті

- Медициналық әдебиеттермен (анықтамалық, ғылыми) және басқа да медициналық мамандармен бірлесе жұмыс істеген кезде жалпы патологияның негізгі ұғымдары мен категорияларын көнін тараған терминдерді қолдануға үйрету.

### 3.5. Оқытудың соңғы нәтижелері:

- ОҚЫТУ** (ақпаратты басқару, сыни ойлау және шешім қабылдау дағдыларын қолдана отырып, өзінің оқу қажеттіліктерін мойындайды және оқу мақсатын қояды)
  - патофизиологияны және патологиялық анатомияны негізгі түсініктерін медициналық әдебиеттермен жұмыс істеуде қолданады;
  - әртүрлі патологиялық үрдістердің этиологиясын, патогенезін, морфологиялық өзгерістерін және ақыр сонын біле отырып, дұрыс болжам беріп, жағдайлық есептерді шеше алады;
  - клиника-зертханалық зерттеулер нәтижелерін сараптайды.
- ЭТИКА ЖӘНЕ КӘСПІҚОЙЛЫҚ.** (жедел медициналық көмек көрсету барысында пациенттермен, олардың отбасыларымен және әріптерімен өзара іс-қимыл жасау кезінде кәсіби этикалық қағидаттар мен нормаларға бейілділігін көрсетеді. Өз іс-әрекеттері мен жұмыс нәтижелері үшін жауапкершілік алады, сондай-ақ оң жұмыс жағдайын қолдайды)
  - қоғамдық өмірге белсенді қатысады.
  - кәсіби этикалық принциптерге бейілділігін көрсетеді.
  - жұмыс ортасының эстетикасын бағалайды және қолдайды.
- КОММУНИКАЦИЯ ЖӘНЕ ТОПТА ЖҰМЫС ИСТЕУ.** (технологиялардың кең спектрін пайдалана отырып, әр түрлі жағдайларда әртүрлі адамдармен тиімді өзара іс-қимыл жасай алады)
  - жағдайды ескере отырып, әртүрлі адамдармен тиімді қарым-қатынасты көрсетеді
  - әртүрлі топтарда жұмыс істей отырып, жауапкершілікті көрсетеді
  - кәсіби мақсаттарда тиімді ақпарат алмасу үшін түрлі ақпараттық коммуникациялық технологияларды пайдаланады.
  - емтихан қабылдаушылар мен оқытушылардың алдында өз білімдерін және дағдыларын көрсетеді;
  - студенттер өз білімдері мен дағдыларын оқу эксперименттерімен немесе теориялық материалдармен түсіндіріп ашық сөз сөйлеу дағдыларын игереді;
  - ашық баяндама жасау дағдысын менгереді.
  - өзінің жеке көз қарасын реферат, презентация, проект түрінде дайындалап, оларды тәжірибелік сабактарда, студенттердің үйірме отырыстарында, студенттердің ғылыми конференцияларында т.б ұсына алады;

### 3.6. Реквизитке дейінгі: анатомия, физиология

### 3.7. Реквизиттен кейінгі: фармакология, фармакотерапия

### 3.8. Пәннің қысқаша мазмұны: жүйелердің және ағзалардың анатомиялық және топографиялық жалпы сипаттамасы:

- жүйке жүйесінің патофизиологиясы;
- тірек-қимыл жүйесінің және терінің патофизиологиясы;
- сыртқы тыныс алу патофизиологиясы;
- жүрек – қантамыр жүйесінің патофизиологиясы;
- асқорытудың патофизиологиясы; бауыр патофизиологиясы;
- бүйрек патофизиологиясы;
- қан жүйесінің патофизиологиясы;

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы	044-81/11
«Жалпы патология» пәндері бойынша силлабус	18 беттің 6 беті

- эндокриндік жүйенің патофизиологиясы;

**3.9. Тақырыптық жоспар:** тақырыптар, қысқаша мазмұны, оқыту түрлері/әдістері/технологиялары және сабактың ұзақтығы (аудиториялық сабактар, симуляциялық сабактар)

### 3.9.1. Аудиториялық сабактардың тақырыптық жоспары

<b>№</b>	<b>Тақырыптардың аталуы</b>	<b>Мазмұны</b>	<b>Сағат саны</b>
1	Патологиялық физиология пәні, міндеттері және әдістері. Жалпы нозология. Жалпы этиология және патогенез. Реактивтілігінің дөрттанудағы маңызы.	Патологиялық физиология пәні, мақсаты, міндеттері. Патофизиологияның әдістері. Жалпы нозологияның негізгі түсініктері. Ауру, түсінігі, сатылары, аяқталуы. Этиология мен патогенез туралы түсінік. Этиологиялық жайттардың жіктелуі. Патогенездің негізгі тізбегі және «көрі айналып соғу шеңбері». Сауығу тетіктері. Аурудың этиотропты және патогенездік емдеу ұстанымдары. Организмнің реактивтілігі мен төзімділігі туралы түсінік. Реактивтілік пен төзімділіктің түрлері, оларды анықтайтын жайттар. Патологиялық реактивтілік.	2
2	Жасушаның жалпы патологиясы.	Жасушаның зақымдануы, түсінігі, түрлері, себептері, жалпы тетіктері, көріністері. Некроз және апоптоз. Зақымдаушы әсерлерден жасушаның қорғану және бейімделу тетіктері. Дөрттік жайттардың әсеріне жасушаның тұрақтылығын арттыратын алдын алу және емдік шаралардың патофизиологиялық ұстанымдары.	2
3	Шеткегі қанайналымының бұзылыстары.	Шеткегі қанайналымы бұзылыстарының негізгі түрлері. Артериялық және веналық гиперемия, ишемия, стаз, тромбоз және эмболияның себептері, дамуының тетіктері, сыртқы көріністері және салдарлары. Шеткегі қанайналымы бұзылыстарының қалпына келтірудің патофизиологиялық ұстанымдары.	2
4	Қабыну.	Қабыну, түсінігі. Қабынудың этиологиясы. Қабынудың негізгі құрамдас бөліктері – альтерация, экссудация, лейкоциттердің эмиграциясы, пролиферация. Қабынудың жергілікті және жалпы белгілері. Қабынуды емдеудің патофизиологиялық ұстанымдары.	2

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы	044-81/11
«Жалпы патология» пәндері бойынша силлабус	18 беттің 7 беті

5	<p>Көмірсу алмасуның бұзылыстары. Су-электролит алмасуның бұзылыстары.</p>	<p>Көмірсу алмасу бұзылыстарының біртектес түрлері. Гипогликемия, түрлері, себептері мен даму тетіктері. Гипергликемия, түрлері, себептері мен даму тетіктері. Қантты диабет, түрлері, этиологиясы мен патогенезі. Оң және теріс су тепе-тендігі туралы түсінік. Дегидратация мен гипергидратацияның этиологиясы мен патогенезі. Ісінудің патогенездік жайттары. Ісінудің алдын алу мен емдеудің патофизиологиялық ұстанымдары. Электролиттер алмасуы бұзылыстарының біртектес түрлері.</p>	2
6	<p>Гипоксия. Қызба.Аллергия.</p>	<p>Гипоксия туралы түсінік. Гипоксиялық жағдайлардың жіктелуі. Гипоксияның негізгі түрлерінің этиологиясы мен патогенезі. Қызба, түсінігі, этиология, патогенез, сатылары, биологиялық маңызы. Қызу қайтаратын емдеудің патофизиологиялық ұстанымдары. Аллергия, анықтамасы, этиологиясы. Аллергендер, олардың түрлері. Аллергиялық серпілістердің жіктелуілер және жалпы патогенезі. Аллергиялық серпілістердің алдын алу мен емдеудің патофизиологиялық ұстанымдары. Аллергиялық серпілістердің I, II, III, IV түрлерінің патогенезінің ерекшеліктері. Көп тараған аллергиялық аурулардың көріністері мен патогенезі</p>	2
7	<p>Өспелер.</p>	<p>Өспелер, анықтамасы, түрлері. Өспелердің биологиялық ерекшеліктері. Өспелердің этиологиясы. Канцерогенез, сатылары. Организмнің антиblastomдық төзімділік. Өспелердің алдын алу мен емдеудің патофизиологиялық ұстанымдары</p>	2
8	<p>Қан жүйесінің патофизиологиясы. Жүрек патофизиологиясы.</p>	<p>Анемиялар, анықтамасы. Анемиялардың этиологиясы, патогенезі, жіктелуі және негізгі гематологиялық көріністері. Эритроцитоздар, түсінігі, түрлері. Лейкоцитоздар, лейкопениялар, тусінігі, түрлері, себептері. Лейкоциттік өрнектің өзгерістері. Геморрагиялық синдром, түрлері, себептері, патогенезі. Тром-боздық синдром, патогенезі. ТІШҚҰ-синдромы, сатылары, патогенезі. Қан жүйесі бұзылыстарының алдын алу мен емдеудің</p>	2

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN</b> <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN</b> <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы	044-81/11
«Жалпы патология» пәндері бойынша силлабус	18 беттің 8 беті

		патофизиологиялық ұстанымдары. Жүрек жеткіліксіздігі, жіктелуі, түрлери. Жүрек жеткіліксіздігінің тенгерілу және тенгерілмеу тетіктері. Миокард некроздары, себептері, патогенезі. Жүрек аритмиялар, жіктелуі, этиологиясы, пайда болуының тетіктері.	
9	Сыртқы тыныс алу патофизиологиясы. Ас қорыту патофизиологиясы	Сыртқы тыныс алу жүйесі бұзылыстарының жалпы этиологиясы мен патогенезі. Тыныс жеткіліксіздігі туралы түсінік. Альвеолалық венти-ляция, диффузия және перфу-зияның бұзылыстары. Сыртқы тыныс алу жүйесі бұзылыстарының алдын алу мен емдеудің патофизиологиялық ұстанымдары. Ас қорытудың жеткіліксіздігі. Ас қорыту және бауыр қызметі бұзылыстарының жалпы этиологиясы мен патогенезі.	2
10	Бауыр патофизиологиясы. Бүйрек патофизиологиясы.	Бауыр жеткіліксіздігі. Бауырлық кома. Ас қорыту жүйесі, бауыр және өт шығару жолдары ауруларының алдын алу мен емдеудің патофизиологиялық ұстанымдары. Бүйрек қызметі бұзылыстарының жалпы этиологиясы мен патогенезі. Шумақтық фильтрация, тұтікшелік реабсорбция, секреция және экскрецияның бұзылыстары. Бүйрек аурулары мен зэр шығару жолдары ауруларының алдын алу мен емдеудің патофизиологиялық ұстанымдары.	2
	<b>Барлығы:</b>		<b>20</b>

### 3.9.2. Симуляциялық сабактың тақырыптық жоспары

<b>№</b>	<b>Тақырыптардың аталуы</b>	<b>Мазмұны</b>	<b>Сағат саны</b>
----------	-----------------------------	----------------	-----------------------

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы	044-81/11
«Жалпы патология» пәндері бойынша силлабус	18 беттің 9 беті

1	<p>Патологиялық физиология пәні, міндеттері және әдістері. Жалпы нозология. Жалпы этиология және патогенез.</p> <p>Реактивтілігінің дерптанудағы маңызы</p>	<p>Патологиялық физиология пәні, мақсаты, міндеттері. Патофизиологияның әдістері. Жалпы нозологияның негізгі түсініктері. Ауру, түсінігі, сатылары, аяқталуы. Этиология мен патогенез туралы түсінік. Этиологиялық жайттардың жіктелуі. Патогенездің негізгі тізбегі және «көрі айналып соғу шеңбері». Сауығу тетіктері. Аурудың этиотропты және патогенездік емдеу ұстанымдары.</p> <p>Организмнің реактивтілігі мен төзімділігі туралы түсінік. Реактивтілік пен төзімділіктің түрлері, оларды анықтайтын жайттар. Патологиялық реактивтілік.</p>	4
2	Жасушаның жалпы патологиясы	Жасушаның зақымдануы, түсінігі, түрлері, себептері, жалпы тетіктері, көріністері. Некроз және апоптоз. Зақымдауыш әсерлерден жасушаның қорғану және бейімделу тетіктері. Дерптік жайттардың әсеріне жасушаның тұрақтылығын арттыратын алдын алу және емдік шаралардың ұстанымдары	4
3	Шеткери қанайналымының бұзылыстары	Шеткери қанайналымы бұзылыстарының негізгі түрлері. Артериялық және веналық гиперемия, ишемия, стаз, тромбоз және эмболияның себептері, дамуының тетіктері, сыртқы көріністері және салдарлары. Шеткери қанайналымы бұзылыстарының қалпына келтірудің патофизиологиялық ұстанымдары	4
4	Қабыну.	Қабыну, түсінігі. Қабынудың этиологиясы. Қабынудың негізгі құрамдас бөліктері – альтерация, экссудация, лейкоциттердің эмиграциясы, пролиферация. Қабынудың жергілікті және жалпы белгілері. Қабынуды емдеудің патофизиологиялық ұстанымдары	4
5	Көмірсу алмасуының бұзылыстары. Су-электролит алмасуының бұзылыстары	Көмірсу алмасу бұзылыстарының біртекtes түрлері. Гипогликемия, түрлері, себептері мен даму тетіктері. Гипергликемия, түрлері, себептері мен даму тетіктері. Қантты диабет, түрлері, этиологиясы мен патогенезі.	4
		Оң және теріс су тепе-тендігі туралы түсінік. Дегидратация мен	

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы	044-81/11
«Жалпы патология» пәндері бойынша силлабус	18 беттің 10 беті

		гипергидратацияның этиологиясы мен патогенезі. Ісінудің патогенездік жайттары.. Электролиттер алмасуы бұзылыстарының біртектес түрлері.	
6	Гипоксия. Қызба.	Гипоксия туралы түсінік. Гипоксиялық жағдайлардың жіктелуі. Гипоксияның негізгі түрлерінің этиологиясы мен патогенезі. Қызба, түсінігі, этиология, патогенез, сатылары, биологиялық маңызы. Аллергия, анықтамасы, этиологиясы. Аллергендер, олардың түрлері. Аллергиялық серпілістердің жіктелуілер және жалпы патогенезі. Аллергиялық серпілістердің алдын алу мен емдеудің патофизиологиялық ұстанымда-ры. Аллергиялық серпілістердің I, II, III, IV түрлерінің патогенезінің ерекшеліктері. Көп тараған аллергиялық аурулардың көріністері мен патогенезі	4
7	Аллергия. <b>Аралық бақылау №1</b>	Аллергия, анықтамасы, этиологиясы. Аллергендер, олардың түрлері. Аллергиялық серпілістердің жіктелуілер және жалпы патогенезі. Аллергиялық серпілістердің алдын алу мен емдеудің патофизиологиялық ұстанымда-ры. Аллергиялық серпілістердің I, II, III, IV түрлерінің патогенезінің ерекшеліктері. Көп тараған аллергиялық аурулардың көріністері мен патогенезі. <b>Өтілген теориялық симуляциялық сабактарынан алған білімдерінің нәтижелерін қорытындылау</b>	4
8	Өспелер	Өспелер, анықтамасы, түрлері. Өспелердің биологиялық ерекшеліктері. Өспелердің этиологиясы. Канцерогенез, сатылары. Организмнің антиblastomдық төзімділік. Өспелердің алдын алу мен емдеудің патофизиологиялық ұстанымдары	4
9	Қан жүйесінің патофизиологиясы	Анемиялар, анықтамасы. Анемиялардың этиологиясы, патогенезі, жіктелуі және негізгі гематологиялық көріністері. Эритроцитоздар, түсінігі, түрлері. Лейкоцитоздар, лейкопениялар, тусінігі, түрлері, себептері. Лейкоциттік өрнектің өзгерістері. Геморрагиялық синдром, түрлері, себептері, патогенезі. Тромбоздық синдром, патогенезі. ТШҚҰ-синдромы,	4

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы	044-81/11
«Жалпы патология» пәндері бойынша силлабус	18 беттің 11 беті

		сатылары, патогенезі. Қан жүйесі бұзылыстарының алдын алу мен емдеудің патофизиологиялық ұстанымдары	
10	Жүрек патофизиологиясы	Жүрек жеткіліксіздігі, жіктелуі, түрлері. Жүрек жеткіліксіздігінің тенгерілу және тенгерілмеу тетіктері. Миокард некроздары, себептері, патогенезі. Жүрек аритмиялар, жіктелуі, этиологиясы, пайда болуының тетіктері. Жүрек жеткіліксіздігінің, миокард некроздарының және жүрек аритмияларының алдын алу мен емдеудің патофизиологиялық ұстанымдары	4
11	Сыртқы тыныс алу патофизиологиясы	Сыртқы тыныс алу жүйесі бұзылыстарының жалпы этиологиясы мен патогенезі. Тыныс жеткіліксіздігі туралы түсінік. Альвеолалық вентиляция, диффузия және перфу-зияның бұзылыстары. Сыртқы тыныс алу жүйесі бұзылыстарының алдын алу мен емдеудің патофизиологиялық ұстанымдары	4
12	Ас қорыту патофизиологиясы. Бауыр патофизиологиясы.	Ас қорытудың жеткіліксіздігі. Ас қорыту және бауыр қызметі бұзылыстарының жалпы этиологиясы мен патогенезі. Бауыр жеткіліксіздігі. Бауырлық кома. Ас қорыту жүйесі, бауыр және өт шығару жолдары ауруларының алдын алу мен емдеудің патофизиологиялық ұстанымдары.	4
13	Бүйрек патофизиологиясы. <b>Аралық бақылау №2</b>	Бүйрек қызметі бұзылыстарының жалпы этиологиясы мен патогенезі. Шумақтық фильтрация, тұтікшелік реабсорбция, секреция және экскрецияның бұзылыстары. Бүйрек аурулары мен зәр шығару жолдары ауруларының алдын алу мен емдеудің патофизиологиялық ұстанымдары <b>Отілген теориялық симуляциялық сабактарынан алған білімдерінің нәтижелерін қорытындылау</b>	4
	<b>Барлығы:</b>		<b>52</b>

### 3.10. Әдебиеттер, негізгі және қосымша.

#### Патологиялық физиология пәні бойынша:

Қазақ тілінде

Негізгі:

1. Патофизиология. 2 томдық, 2 т.: оқулық / қазақ тіл. ауд. С.Б. Жәутікова; ред. В.В. Новицкий. – М.: ГЭОТАР-Медиа, 2018.

<b>ОҢТҮСТИК QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SKMA —1979—</b> <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы	044-81/11
«Жалпы патология» пәндері бойынша силлабус	18 беттің 12 беті

2. Патофизиология. 2 томдық. 1 т.: оқулық / қазақ тіл. ауд. Б.А. Жетпісбаев; ред. В.В. Новицкий. – М.: ГЭОТАР-Медиа, 2017.
3. Адо А.Д. Патофизиология: оқулық. 1 том. – Эверо, 2015.
4. Адо А.Д. Патофизиология: оқулық. 2 том. – Эверо, 2015.
5. Нұрмұхамбетұлы Ә. Патофизиология. 1 том: оқулық/ Ә. Нұрмұхамбетұлы. – өнд., толықт. 3-бас. – Алматы: Эверо, 2015. – 182 бет с
6. Нұрмұхамбетұлы Ә. Патофизиология. 2 том: оқулық/ Ә. Нұрмұхамбетұлы. – өнд., толықт. 4-бас. – Алматы: Эверо, 2015. – 214 бет с.-
7. Нұрмұхамбетұлы Ә. Патофизиология. 3 том: оқулық/ Ә. Нұрмұхамбетұлы. – өнд., толықт. 4-бас. – Алматы: Эверо, 2015. – 216 бет с.
8. Нұрмұхамбетұлы Ә. Патофизиология. 4 том: оқулық/ Ә. Нұрмұхамбетұлы. – өнд., толықт. 4-бас. – Алматы: Эверо, 2015. -154 бет с.
9. Нұрмұхамбетұлы Ә. Патофизиология: оқулық . . – өнд., толықт. 3-бас. – Алматы, 2011. – 700 бет
10. Нұрмұхамбетұлы Ә. Клиникалық патофизиология. I- том: оқулық/ Ә. Нұрмұхамбетұлы; Патофизиология. –II және оның клиникалық медицинадағы мәселелеріне нұсқама. -2-ші бас. – Алматы: Эверо, 2016.-180 б.с.
11. Нұрмұхамбетұлы Ә. Клиникалық патофизиология. 2- т. Патофизиология. –II және оның клиникалық медицинадағы мәселелеріне нұсқама: оқулық / Ә. Нұрмұхамбетұлы; -2-ші бас. – Алматы: Эверо, 2016. -252 б
12. Нұрмұхамбетұлы Ә. Клиникалық патофизиология. 3- т . Патофизиология. –II және оның клиникалық медицинадағы мәселелеріне нұсқама: оқулық / Ә. Нұрмұхамбетұлы; -2-ші бас. – Алматы: Эверо, 2016. – 248 б

### Қосымша:

1. Нұрмұхамбетұлы Ә. Патофизиология-1. Клиникалық практикада өте маңызды біртекtes дерптік үрдістердің патогенезі мен емдеу жолдарына нұсқама. 1 том: оқу құралы. – Алматы: Эверо, 2016.
2. Нұрмұхамбетұлы Ә. Патофизиология-1. Клиникалық практикада өте маңызды біртекtes дерптік үрдістердің патогенезі мен емдеу жолдарына нұсқама. 2 том: оқу құралы. – Алматы: Эверо, 2016.
3. Патологиялық физиология. Тәжірибелік сабактарға нұсқау: оқу құралы = Патофизиология. Руководство к практическим занятиям: учеб. пособие/ В.В. Новицкий [ж.б.]; ред. басқ. В.В. Новицкий, О.И. Уразова; қаз. тіліне ауд. С.Б. Жәутікова. – М.: ГЭОТАР-Медиа, 2014.
4. Уразалина Н.М. Тест тапсырмалары. I-бөлім. Жалпы нозология, этиология және патогенез, тұқым қуалаушылық реактивтік патологиясы және аллергия. – Алматы: Эверо, 2014.
5. Уразалина Н.М. Тест тапсырмалары. II-бөлім. Біртекtes дерптік үрдістер. – Алматы: Эверо, 2014.
6. Жәутікова С.Б. Мамандырылған патологиялық физиология курсы: оқу-әдістемелік құралы. – Қарағанды: ЖК «Ақ Нұр», 2013.
7. Жәутікова С.Б. Патологиялық физиология пәні бойынша ситуациялық есептер жинағы: оқу-әдістемелік құралы. – Қарағанды: ЖК «Ақ Нұр», 2013. электронды ресурс:.
8. Патологиялық физиология. Тәжірибелік сабактарға нұсқау [Электронды ресурс]: оқу құралы = Патофизиология. Руководство к практическим занятиям: учебное пособие/ қаз. тіліне ауд. С.Б. Жәутікова; ред. басқ. В.В. Новицкий. –Электрон. мәт. мәлімет (63,4МБ). – М.: ГЭОТАР-Медиа, 2014.

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы	044-81/11
«Жалпы патология» пәндері бойынша силлабус	18 беттің 13 беті

### Электрондық ресурстар:

1. Патология. Екі томдық. 1 т [Электронный ресурс] :оқулық / каз.тіл. ауд. С. А. Апбасова ; ред. М. А. Пальцев. - Электрон.текстовые дан. (1,42Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 536 бет.эл
2. Патология: оқулық: 2 т.[Электронный ресурс]  
/М.А.Пальцев,В.С.Пауковредакциясынанбасқарғандар :М.:ГЭОТАР.- Медиа.2015
3. Митрофаненко, В. П.Патологияның негіздері мед.училищелер мен колледждергеарн. оқулық = Основы патологии : / - Электрон.текстовые дан. (154Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2015. - 568б. С
4. Патологиялық физиология. Тәжірибелік сабактарға нұсқау [Электронный ресурс] :оқуқұралы = Патофизиология. Руководство к практическим занятиям : учебное пособие / каз.тіліне ауд. С. Б. Жәутікова ; ред. В. В. Новицкий. - Электрон.текстовые дан. (63,4Мб). - М. : ГЭОТАР - Медиа, 2014. - 768 бет.эл. опт. диск
5. Патологиялық физиология.Досжанова М.П. , 2015 Aknurpress / <https://aknurpress.kz/login>
6. Патологиялық анатомия/Ахметов Ж.Б. , 2020 Aknurpress / <https://aknurpress.kz/login>
7. Ахметов, Ж.Б.Патологиялық анатомия: Оқулық. / ҚР Жоғары оку орындарының қауымдастыры . - Алматы: Экономика, 2012. - 742б. -ISBN 978-601-225-428-0<http://rmebrk.kz/>
8. Новицкий, В. В.Патофизиология [Текст] : учеб. пособие / под ред.: В. В. Новицкий, Е. Д. Гольдберг, О. И. Уразова. - 4-е изд., перераб. и доп. - М. : ГЭОТАР-Медиа, 2013 .Т. 1. - 338 с. - <http://elib.kaznu.kz>
9. Сайт: [www.ukma.kz](http://www.ukma.kz)
10. Репозиторий ЮКМА <http://lib.ukma.kz/repository/>
11. Республикаанская межвузовская электронная библиотека <http://rmebrk.kz/>
12. Консультант студента <http://www.studmedlib.ru/>
13. Ашық кітапхана [https:// kitap.kz/](https://kitap.kz)

### 3.11. Оқытудың және білім берудің әдістері:

#### Жалпы патология пәні бойынша:

- **Аудиториялық сабактар:** кіріспе, жалпы шолу.
- **Симуляция:** ауызша сұрау, тест тапсырмаларын құрастыру

### 3.12. Білім алушылардың білімі мен дағдыларын бағалау әдістері:

**Ағымдағы бақылау:** ауызша сұрау, тест сұрақтарын құрастыру

**Аралық бақылау:** симуляциялық сабактар тақырыптарынан билет бойынша ауызша сұрау (7-13-шы апта).

**Қорытынды бақылау:** тестілеуді қамтитын емтихан, тестілеу ретінде өтеді, мұнда емтиханның үлес салмағы 40% құрайды. Қорытынды тест: барлық курстың білімі мен түсінігін тексеруге. Тестте 1-ден 100-ге дейінгі сұрақтан, әр дұрыс жауап-1 баллды құрайды. Platonus ААЖ-де тестілеу түріндегі емтихан

#### *Бага қоюдың саясаты:*

**Жалпы бағалау (60+40%) (ағымдық + қорытынды рейтинг) жалпы бағалау шкаласы бойынша қойылады:**

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы	044-81/11
«Жалпы патология» пәндері бойынша силлабус	18 беттің 14 беті

<b>Бағалау</b>	<b>Қолданылатын бақылау құралдарының сипаттамасы (кейс, жоба, сынни талдау, модельді әзірлеу, презентация, тест...)</b>	<b>Барлығы</b>
AғБ 1 (АғБ А (аудиториялық сабак, семинарлар): жеке және топтық тапсырмалар, топтық тақырыптық дискуссияларға қатысу).	3 сынни талдауға тапсырма: - бақылау сұрақтары, - тапсырмалар - тесттер	20%
AғБ 2 (АғБ С (симуляция): симуляциялық курсқа қатысу, симуляциялық дағдыларды топтық және жеке орындауға қатысу.	Симуляциялық дағдыларды пысықтау және құзыреттіліктердің орындалуын талқылау; Талқыланатын мәселелер бойынша аргументтерді таныстыру.	20%
Аралық бақылау	Курс бойынша тесттер	20%
Емтиханға жіберу рейтингі		60%
Қорытынды емтихан	Пән тақырыптары бойынша тесттер(100 сұрак) және билеттер: теориялық лық сұрақтар, ситуациялық есептер.	X 40%
Курс бойынша қорытынды баға		0-100 балл

#### **Рейтинг шкаласы**

<b>Бағалаудың әріптік жүйесі</b>	<b>Сандық эквивалент</b>	<b>Үпайлардың мазмұнды пайызы</b>	<b>Дәстүрлі жүйе бойынша бағалау</b>
A	4,00	95-100	Өте жақсы
A-	3,67	90-94	Жақсы
B+	3,33	85-89	Қанағаттанарлық
B	3,00	80-84	
B-	2,67	75-79	
C+	2,33	70-74	
C	2,00	65-69	
C-	1,67	60-64	
D+	1,33	55-59	
D	1,00	50-54	
F	0,00	0-49	Қанағаттанарлықсыз

**1) «Өте жақсы» бағага сәйкес келеді:**

—4,0 сандық эквиваленті және 95-100% пайызы бар **A бағасы**. Бұл баға білім алушы оку материалын шығармашылық түрғыдан түсінуді және өз бетінше практикалық

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы	044-81/11
«Жалпы патология» пәндері бойынша силлабус	18 беттің 15 беті

қолдануды, құбылыстар мен процестердің мәнін тереңірек түсіну үшін қосымша көздерді қолдануды, материалдың танымдық құрылымын көруді, құрылымның жетіспейтін элементтерін анықтауды, оларды толықтыруды көрсеткен жағдайда қойылады. Тапсырманы орындаудағы пәуелсіздік пен шығармашылық көзқарастың жоғары деңгейі. Проблемалық аймақтар мен тәуекел аймақтарын анықтау. Проблемалық жағдайларды шешу үшін алған білімдерін креативті пайдалану;

–3,67 сандық эквиваленті және 90-94% пайызы бар **A- бағасы**. Бұл баға білім алушы оқу материалын шығармашылық түрғыдан түсінуді және өз бетінше практикалық қолдануды, құбылыстар мен процестердің мәнін тереңірек түсіну үшін қосымша көздерді қолдануды, материалдың танымдық құрылымын көруді, құрылымның жетіспейтін элементтерін анықтауды, оларды толықтыруды көрсеткен жағдайда қойылады. Проблемалық аймақтар мен тәуекел аймақтарын анықтау. Проблемалық жағдайларды шешу үшін алған білімдерін шығармашылық қолдану. Іс-әрекеттің өзін-өзі бағалауы, жұмыстағы қателіктер мен олардың пайда болу себептерін талдау, оларды өз бетінше түзету және өз дағдыларын жетілдіру бойынша іс-әрекеттерді жоспарлау.

### 2) «Жақсы» бағаға сәйкес келеді:

–3,33 сандық эквиваленті және 85-89% пайызы бар **B + бағасы**. Бұл баға білім алушы оқу материалын игеруді және оны практикалық қолдануды көрсеткен жағдайда қойылады. Жаңасын құру мақсатында элементтерді дербес біріктіру. Әр түрлі жағдайларда әр түрлі деңгейдегі оқу материалдарымен еркін жұмыс істеу. Тапсырманы орындау кезінде тәуелсіздік пен шығармашылық көзқарастың жеткілікті деңгейі. Іс-әрекеттерде елеусіз қателіктерге жол беру және оларды оқытушының ұсынысы бойынша түзете білу;

–3,0 сандық эквиваленті және 80-84% пайызы бар **B бағасы**. Бұл баға білім алушы оқу материалын менгеруді және еркін жұмыс істеуді және оны стандартты және стандартты емес жағдайларда практикалық қолдануды көрсеткен жағдайда қойылады. Қолда бар деректерді оларды әрі қарай қолдану мақсатында салыстырады және саралайды. Тапсырманы орындау кезінде тәуелсіздік пен шығармашылық көзқарастың жеткілікті деңгейі. Іс-әрекеттерде шамалы қателіктерге жол беру және оларды оқытушының басшылығымен түзету мүмкіндігі.

–2,67 сандық эквиваленті және 75-79% пайызы бар **B- бағасы**. Бұл баға білім алушы бағдарламалық материалды игеруді, оны практикалық қолдануды, стандартты және стандартты емес жағдайларда алған дағдыларын көрсеткен жағдайда қойылады. Тапсырмаларды орындау кезінде табиғи мотивацияның болуы. Топта тапсырманы орындауға белсенді қатысу. Қателіктер мен қателіктер жіберу, оларды педагогтың ұсынысы бойынша түзету;

–сандық эквиваленті 2,33 және пайыздық құрамы 70-74% болатын **C+ бағасы**. Бұл бағалау білім алушы бағдарламалық материалды игеруді, оны практикалық қолдануды, алған дағдыларын стандартты, кейде стандартты емес жағдайларда көрсеткен жағдайда қойылады. Тапсырмаларды орындау кезінде табиғи мотивацияның болуы. Топта тапсырманы орындауға белсенді қатысу. Қателіктер мен елеусіз қателіктер жіберу, оларды оқытушының бақылауымен түзету.

### 3) «Қанағаттанарлық» сәйкес келеді:

–сандық эквиваленті 2,0 және пайыздық құрамы 65-69% болатын **C бағасы**. Бұл баға білім алушы бағдарламалық материалды игеруді, оның практикалық қолданылуын, белгіленген үлгілерге сәйкес тапсырманы орындау дағдыларының болуын көрсеткен жағдайда қойылады. Тапсырмаларды өз бетінше орындауға ұмтылу, мысалдар келтіру,

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы	044-81/11
«Жалпы патология» пәндері бойынша силлабус	18 беттің 16 беті

жіктеу, салыстыру және т.б. стандартты емес жағдайларда тапсырманы орындау қындықтары. Қателіктер жіберу, оларды педагогтың бақылауымен түзету;

– 1,67 сандық эквиваленті және 60-64% пайызы бар **C- бағасы**. Бұл баға білім алушы оқу материалын түсінуді, оны типтік жағдайларда механикалық қолдануды көрсеткен жағдайда қойылады. Тапсырмаларды одан әрі процесс үшін маңыздылығын терең түсінбестен өз бетінше орындау, нәтижесінде қателіктерге әкелетін іс-әрекеттің толық еместігі мен сәйкесіздігі болады. Стандартты емес жағдайларда тапсырманы орындау қындықтары. Қателіктер жіберу, оларды педагогтың бақылауымен түзету;

– 1,33 сандық эквиваленті және 55-59% пайызы бар **D+ бағасы**. Бұл баға білім алушы оқу материалының репродуктивті деңгейде механикалық дамуын көрсеткен жағдайда қойылады. Тапсырмаларды одан әрі процесс үшін маңыздылығын терең түсінбей орындау, соның салдарынан қателіктерге әкелетін әрекеттердің толық еместігі мен сәйкесіздігі. Педагогтың басшылығымен қызметті түзету. Стандартты емес жағдайларда тапсырманы орындаудағы қындық;

– 1,0 сандық эквиваленті және 50-54% пайызы бар **D бағасы**. Бұл баға білім алушы оқытушының басшылығымен репродуктивті деңгейде оқу материалын механикалық игеруді көрсеткен жағдайда қойылады. Терминдерді, ұғымдар мен фактілерді қолдану. Оқытушының көмегімен жұмысты немесе тапсырманы орындау алгоритмін қолдану. Стандартты және стандартты емес жағдайларда тапсырмаларды орындау кезінде қындықтардың пайда болуы.

4) **«Қанағаттанарлықсыз»** бағасына 0 сандық эквиваленті және 0-49% пайыздық құрамы бар **F бағасы** сәйкес келеді. Бұл баға білім алушы пән бағдарламасының жартысынан астамын игермегенін көрсеткен жағдайда қойылады. Педагогтің қосымша және нақтылаушы сұрақтары білім алушының жауабын түзетуге әкелмейді. Бағдарламада көзделген негізгі материалды білуде олқылықтардың болуы, жауаптарда принципті қателіктер жіберілген, ағымдағы, аралық және қорытынды бақылау нысандарында көзделген жеке тапсырмалар орындалмаған жағдайда.

#### Ауызша жауап

Бақылау түрі	Баға	Бағалау критерийлері
Ауызша жауап	Өте жақсы 95-100 90-94 баллға сәйкес	Білім алушы жауап беру кезінде ешқандай қателер жібермеді, оқылатын пәннің теориясы мен концепциясына және бағыттарына сүйене отырып оларға критикалық бағалау берді, басқа пәндердің ғылыми жетістіктерін қолданды.
	Жақсы 85-89 80-84 75-79 70-74 баллға сәйкес	Білім алушы жауап беру кезінде маңызды қателер жібермегендеге, студенттің өзінің түзетуімен сәйкесіздіктер мен принципиалды емес қателер жіберді, оқытушы көмегімен бағдарлама материалдарын жүйеге келтірді.
	Қанағаттанарлық 65-69 60-64 50-54 баллға сәйкес	Білім алушы жауап беру кезінде принципиалды қателер жіберді, тек оқытушы көрсеткен оқу әдебиеттерімен шектеліп, материалдарды жүйелеуде едәуір қиналды.

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN MEDISINA AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN MEDICAL ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы	044-81/11
«Жалпы патология» пәндері бойынша силлабус	18 беттің 17 беті

	Қанағаттанарлықсыз 0-49 баллға сәйкес	Білім алушы жауап беру кезінде маңызды қателер жіберді, сабак тақырыбы бойынша негізгі әдебиетті менгере алмады, пәннің ғылыми терминологиясын пайдалана алмады.
--	---	--

### Тест тапсырмаларын құрастыру

<b>Бақылау түрі</b>	<b>Баға</b>	<b>Багалау критерийлері</b>
Тест тапсырмаларын құрастыру	Өте жақсы 95-100 90-94 баллға сәйкес	Білім алушы уақытында, тақырыбына сәйкес, өз ойымен тест тапсырмаларын құрастырды, көлемі 10-нан кем емес, тест тапсырмаларын мазмұнды негізімен анықты, ұқыпты, дәл құрастырды, жауаптарды алгорitmімен бір типті және адекватты варианттарды берді, дұрыс жауаптарын нақты белгіледі.
	Жақсы 85-89 80-84 75-79 70-74 баллға сәйкес	Білім алушы уақытында, тақырыбына сәйкес, өз ойымен тест тапсырмаларын құрастырды, көлемі 10-нан кем емес, тест тапсырмаларын мазмұнды негізімен анықты, ұқыпты, дәл құрастырды, жауаптарды алгорitmімен бір типті емес варианттарды берді, дұрыс жауаптарын нақты белгіледі.
	Қанағаттанарлық 65-69 60-64 50-54 баллға сәйкес	Білім алушы уақытында, тақырыбына сәйкес, өз ойымен тест тапсырмаларын құрастырды, көлемі 10-нан кем емес, кейбір тест тапсырмаларын мазмұнды негізімен, бірақ анықты емес, ұқыпты емес, дәл емес құрастырды, жауаптарын варианттарды алгорitmімен бір типті емес берді, дұрыс жауаптардың барлығын емес нақты белгіледі.
	Қанағаттанарлықсыз 0-49 баллға сәйкес	Білім алушы уақытында, тақырыбына сәйкес тест тапсырмаларын құрастырмады немесе оларды құрастырды, бірақ өз ойымен емес, көлемі 10-нан кем, мазмұнды емес негізімен, анықты емес, ұқыпты емес, дәл емес құрастырды, жауаптарын варианттарды алгорitmсіз бір типті емес берді, дұрыс жауаптардың 50%-тен төмен нақты белгіледі.

### Глоссарий құрастыру

<b>Бақылау түрі</b>	<b>Баға</b>	<b>Багалау критерийлері</b>
Глоссарий құрастыру	Өте жақсы 95-100 90-94 баллға сәйкес	Білім алушы уақытында, тақырыбына сәйкес, өз ойымен, ұқыпты, қателерсіз глоссарий құрастырды, көлемі 20 сөзден кем емес, түсініктерді дұрыс құрастырды.
	Жақсы 85-89	Білім алушы уақытында, тақырыбына сәйкес, өз ойымен, ұқыпты, кросворд құрастырды, көлемі 20

<b>OÝTÝSTIK QAZAQSTAN</b> <b>MEDISINA</b> <b>AKADEMIASY</b> <b>«Оңтүстік Қазақстан медицина академиясы» АҚ</b>	 <b>SOUTH KAZAKHSTAN</b> <b>MEDICAL</b> <b>ACADEMY</b> <b>АО «Южно-Казахстанская медицинская академия»</b>
«Морфологиялық пәндер» кафедрасы	044-81/11
«Жалпы патология» пәндері бойынша силлабус	18 беттің 18 беті

	80-84 75-79 70-74 баллға сәйкес	сөзден кем емес, түсініктерді дұрыс құрастырды, глоссарий құрастырганда принципиалды емес қателерді жіберді.
	Қанағаттанарлық 65-69 60-64 50-54 баллға сәйкес	Білім алушы уақытында, тақырыбына сәйкес, өз ойымен, ұқыпты, емес глоссарий құрастырды, көлемі 20 сөзден кем емес, глоссарий құрастырганда принципиалды қателерді жіберді.
	Қанағаттанарлықсыз 0-49 баллға сәйкес	Білім алушы уақытында, тақырыбына сәйкес глоссарий құрастырмады немесе оны уақытында құратырды, бірақ өз ойымен емес, ұқыпты емес, көлемі 20 сөзден кем, глоссарий құрастырганда маңызды қателерді жіберді.